

# БОЛАШАҚҚА ТЫҢ СЕРПІЛІС, АЙҚЫН БАҒДАР БЕРДІ

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» Жолдауын тыңдап, тарихи сәтке куә болдық. Бұл барша отандастарымызға тың серпіліс, айқын бағдар берді. Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің дамуына, отандық ғылым және жоғары білім саласына қатысты маңызды мәлімдемелер жасады. Жолдауда Мемлекет басшысы ғылым, білім, инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстырудың маңызына тоқталды. Еліміз білім экономикасына көшіп жатыр. Сондықтан, ғылым, білім, инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру керек. Сондай-ақ жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болатынын атап өтті.

Сонымен қатар Президент өз сөзінде: «Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс. Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн» деп нақты басым-бағыттарды нақтылады.

Иә, дарынды зерттеушілер – қоғам игілігі және ғылым мен жоғары білім саласының басты құндылығы десек, артық айтқандық емес. Заман талабына сай сұраныстарды қамтамасыз ету үшін бүгінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті табысты еңбек етіп келеді. Жаһандық бәсекеге қабілетті кадр даярлау – біздің басты мақсатымыз. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін біз батыл әрі табанды қызмет етіп келеміз. Биыл Әуезов университеті шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуде үлкен бастаманы қолға алды. Атап айтқанда, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті және Arizona State University (ASU) арасындағы серіктестік аясында қос диплом моделі бойынша ASU филиалын ашу жоспарланып отыр. Бұл жоба Қазақстандағы жоғары білімнің сапасын арттырып, студенттерге әлемдік деңгейдегі білім алуға мүмкіндік береді. Қазақстан мен АҚШ арасындағы білім беру ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтереді деп кәміл сеніммен айта аламыз. Алдымен Arizona State University не үшін таңдалды? Осыған аз-кем тоқталсақ... Arizona State University (ASU) – АҚШ-тағы ең ірі және беделді жоғары оқу орындарының бірі. 1885 жылы негізі қаланған ASU инновацияларға, зерттеулерге және студенттердің жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөледі. Оқу ордасы АҚШ-тағы ең үздік



оқу орындарының қатарына кірген және әлемнің түкпір-түкпірінен келген мыңдаған студентті қабылдайды.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы елімізде үздік шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды тапсырған еді. Міне, Президент көтерген дарынды зерттеушілерді қолдау – кезек күттірмейтін, керісінше, күн тәртібіндегі ең өзекті мәселенің біріне айналғанын көріп отырмыз.

Әуезов университетінің ұжымы Мемлекет басшысының Жолдауын ұжым болып қолдай отырып, ғылыми прогресстің дамуына зор үлес қоспақ. Өйткені, өскелең ұрпақтың білімді, озық ойлы, бәсекеге қабілетті болып өсуі – баршамызға ортақ міндет.

Ұлы Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген сөзі қашанда өзекті.

**Дархан АХМЕД-ЗАКИ,**  
М.Әуезов атындағы  
ОҚЗУ Басқарма  
төрағасы-ректоры